

М.Т. КАНТУРЕЕВ,¹

Э.Ғ.Д.

А.О. АҒЫМБАЙ,²

Э.Ғ.К.

П.Д. БЕЙСЕКОВА,²

аға оқытушы.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу
мемлекеттік университеті.¹

Шет тілдер және іскерлік
карьера университеті²

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

Андатпа

Мақалада халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуінің маңызды факторларының дамуы қарастырылған. Жұмыссыздық экономикалық және психологиялық қиындықтарды тудыратын құбылыс ретінде қоғамда шиеленісті жағдай туғызады. Жұмыссыздық қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына елеулі қатер төндіреді. Бұл құбылыстың болуы қандай да бір дәрежеде қоғамның әлеуметтік даму деңгейінің көрсеткіші болып саналады және оған қарсы күрес әдістері үнемі жетілдірілуде. Еңбек нарығында өсіп келе жатқан шиеленіс республикадағы жұмыс істейтіндердің санының абсолютті төмендеуі, әкімшілік демалыстағы қызметкерлердің үлесінің артуы, жұмыс уақытының аптасына орта есеппен төрт жұмыс күніне дейін азаюы, сондай-ақ жарты күндік жұмыста істейтін қызметкерлер үлесінің ұлғаюы болып табылады. Халықтың жұмыспен қамтылуы, жұмыссыздық және еңбек ресурстарының ұтқырлығы мәселелері әрдайым Қазақстан Республикасының тиісті ведомстволары, ұйымдары мен кәсіпорындарының ғылыми, қоғамдық, саяси және экономикалық қызметінің назарында болады. Олар дағдарыстан кейінгі жаһандық экономиканың қалпына келуінің қазіргі кезеңінде өзекті болып келеді.

Тірек көздер: экономика, жұмыссыздық, стратегия, жұмысбастылық, еңбек ресурстары, ұтқырлық, әлауқат, адамдық фактор.

Қазіргі таңда дамыған елдер тобына кіру үшін Қазақстан дамуында үлкен серпіліс жасалуда. Ұзақ мерзімді даму моделі әлемдік үрдістерді, ұлттық дамудың түйінді басымдықтарын ескеріп, Қазақстанды әлеуметтік-экономикалық жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Осыған байланысты әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру жөніндегі мақсатқа қол жеткізу аса күрделі міндеттер белгіленді. Бұл ретте жаңғырту жаһандық бәсекелестік шарттарында өтеді. Дамудың жоғары деңгейіне қол жеткізу стратегиялық ресурстар мен нарықтық кеңістік үшін қатаң күрес жүргізумен байланысты. Бұл бәсекелестік ағынға қарсы жүзумен бірдей: артқа кетіп қалмас үшін, алға жылжу қажет екені анық.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында жаңа әлем көшбасшыларының қатарына қосылу үшін Қазақстанда қажетті нәрсенің бәрі бар екеніне сенімдімін деп атап өтті [1].

2012 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан–2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында республикамыздың 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөнінде жаңа стратегиялық мақсат қойылды және осы стратегияның негізгі бағдары елді жаңғырту еді [2].

2016 жылы шығарылған «Doing Business» рейтингінде 2016 жылы Қазақстан 190 елдің арасынан 51-ден 35-ші орынға жылжыды. Республика рейтингі осы уақытқа дейін 70,45-тен 75,09-ға дейін өсті (100 мүмкіндік ішінен). Жаңа есеп бойынша Қазақстан 36-шы орында, ал рейтинг 75,44-ке дейін өсті. Дегенмен, бұл Қазақстанның әлі де жұмыс істеуі керек деген фактіні жоққа шығармайды [3].

Бұл мақсаттарға жетіп, оны жүзеге асыруға Қазақстанның барлық мүмкіндігі бар. Саралай қарар болсақ, дұрыс таңдап алынған экономикалық саясаттың арқасында Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің қарқынды дамуы байқалып отыр. Қазақстан экономикасының қазіргі жағдайын бағалай келіп, Әлемдік банк еліміздің кірісін ортадан жоғарғы елдер қатарына қосатынын мәлімдеген.

Бұл бағыттың таңдалып алуына мемлекеттердің өзінің ұлттық бәсекеге қабілеттілігін арттыруда инновациялық үрдістерді дамытумен қатар, адам ресурстарын дамыту саясатының сапалылығын да жоғарғы дәрежеге көтеруі себеп болған. Жан басына есептегендегі ішкі жалпы өнім көрсеткіші, сауаттылық пен адам өмірінің ұзақтығы секілді адамзат дамуының негізгі көрсеткіштерін жоғарғы деңгейге көтеру бәсекеге қабілетті экономиканың негізгі белгілері болып отыр.

Қазақстан мемлекетінің қазіргі таңдағы негізгі саяси ұстанымдарының бірі – республиканың әрбір азаматы үшін өмір сүру деңгейінің жоғарғы сапалық үлгісін қамтамасыз ету екендігі Елбасы Н. Назарбаевтың Жолдауында (06.02.2008 ж.) баса айтылды. Аталған құжатта қазақстандықтардың әлеуметтік жағдайы мен қоғамның барлық таптары мен әлеуметтік топтарының әл-ауқаты әрқашанда мемлекеттік саясаттың негізгі жоспары ретінде қаралатындығы баяндалған [4].

Адамзат дамуының негізгі көрсеткіштерінің рейтингтік жүйесіндегі Қазақстанның жағдайы күн санап жоғарылап келе жатыр. Қазіргі уақытта адамзат дамуын зерттейтін БҰҰ-ның өркендеу бағдарламасының (БҰҰӨБ) әлемдік баяндамасында (21.03.2017 ж.) Қазақстан дүниежүзінің 185 мемлекеттің ішінде 56 орында тұр [5].

Бұл жағдайда әр қазақстандыққа шаққандағы жалпы ішкі өнім көрсеткіші 2017 жылы 7,5 мың долларға жоспарланса, 2021 жылы 10,0 мың долларға жетпек, ал жоғарғы сапалы және қол жетімді денсаулық сақтау жүйесі дамытумен қатар жалпыға бірдей сапалы білім беру қалыптасады. Сонымен қатар, әлеуметтік жеңілдіктер кеңінен пайдаланылып, ауыл мен қала арасындағы әлеуметтік алшақтылық азаяды [6].

Еңбек нарығының тиімділігін қамтамасыз етіп, әрбір адамның өз әлеуетін іске асыра алуы үшін жағдай жасаудың маңызы зор.

Қазіргі кезде мемлекеттік бағдарламалардың іске асуынан үлкен экономикалық және әлеуметтік нәтиже күтілуде. Бұл жерде жаңа құрылған немесе жаңартылған өндіріс орындары айналасында пайда болатын қызмет көрсетуші ұсақ және орта кәсіпкерлік нысандарымен қатар инфрақұрылым жүйесі дамып, кеңейетіндігі мәселесі айтылып отыр. Жоспарланып отырылған өндірістердің ауқымын есепке алар болсақ, қаншалықты жаңа жұмыс орындары пайда болатынын болжау қиын емес. Бұл жағдайдағы әлеуметтік нәтижені кедейшілік пен жұмыссыздықтың төмендеуі және де қазақстандықтардың өмір сүру деңгейінің көтерілетінінен көруге болады.

Осылайша, бүгінгі таңдағы экономикадағы дамудың жоғарғы деңгейі кейбір негізгі көрсеткіштердің жақсаруына мүмкіндік беріп отыр. Мысалы, жұмыспен қамтамасыз ету саласына келер болсақ, жұмыссыздар саны 2017 жылдың 3 тоқсаны бойынша 441,0 мың адамды құраса, ал ел экономикасындағы еңбекке тартылғандар саны 8 572,1 мың адамға жеткен. Бұл жерде айта кететін жайт, жұмысқа орналасқандар арасында жаңа жұмыс орындарға орналасу қарқыны байқалған.


Кесте 1 – Негізгі еңбек нарығының көрсеткіштері

Көрсеткіштер атауы	Жылдар				
	2013	2014	2015	2016	2017 (3 тоқсан)
Жұмыс күші, мың адам	9041,3	8962,0	8 887,6	8998,8	9 013,1
Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	8570,6	8510,1	8 433,3	8553,4	8 572,1
Жалдамалы қызметкерлер, мың адам	5949,7	6109,7	6 294,9	6342,8	6 395,9
Өз бетінше жұмыс істейтін қызметкерлер, мың адам	2621,0	2400,4	2 138,4	2210,5	2 176,1
Жұмыссыздар, мың адам	470,7	451,9	454,2	445,5	441,0

1 кестенің жалғасы

Жұмыссыздық деңгейі	5,2	5,0	5,1	5,0	4,9
Жастар жұмыссыздығының деңгейі, % (15–24 жас)	3,9	3,8	4,2	3,8	3,8
Жастар жұмыссыздығының деңгейі, % (15–28 жас)	5,5	4,2	4,4	4,1	4,0
Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі, %	2,5	2,4	2,5	2,2	2,3
Жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар халық, мың адам	3569,4	3715,9	3 867,4	3855,0	3 905,5

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше тек қана Облыстық және Алматы, Астана қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармаларынан алынған мәліметтер бойынша 2017 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында еңбек делдалдымен 510 мың адам хабарласқан. Осы санның 48,8 пайызы немесе 248,9 мың адам ауыл тұрғындары [7].



Сурет 1 – Табысты күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасынан төмен халықтың үлесі

Жалпы ішкі өнімнің жан басына шаққандағы көрсеткішінің жоғарлауы мен мемлекеттің жұмыссыздықты азайтып, еңбекке тарту саясаты еліміздің кірісі төменгі күнкөріс көрсеткішінен төмен азаматтардың санының қысқаруына жағдай жасады. Мысалы, 2005 жылы еліміздің кірісі ең төменгі күнкөріс көрсеткішінен төмен азаматтар саны 31,6 пайызды көрсеткен болса, ол көрсеткіш 2016 жылы 2,6 пайызды құраған.

Кесте 2 – Кедейлік көрсеткіштері, пайызбен

	2013	2014	2015	2016
Кедейліктің тереңдігі	0,4	0,4	0,3	0,4
Кедейліктің өткірлігі	0,1	0,1	0,1	0,1

Ескертпе – Деректер табыстардың баламалылық шәкілін пайдаланып алынған.

Кедейшілік 13 есе қысқарып, жұмыссыздық деңгейі 4,9 пайызға дейін төмендеді. Сонымен қатар, қаржылық инфрақұрылымды дамытуға бағытталған саясаттың нәтижесі ретінде республикадағы қаржы кірісі көрсеткішінің ұлғаюын қолайлы тұғырнама ретінде көрсетуге болады. Осылайша, қазіргі күннің өзінде қазақстандықтардың материалдық жағдайын жасауға мүмкіндік беретін экономикалық іргетас қаланған деуге болады. Мысалға алар болсақ, ең төменгі жалақы 2007 жылы 9752 теңгені құраса, он жыл ішінде 3 есеге жуық өсіп, 2017 жылы

28 284 теңгені қамтыды. Осындай көрсеткіштер арқасында Қазақстан қазіргі таңда ТМД елдері арасындағы көшбасшы болып отыр (7).

Сонымен қатар елімізде ана мен бала денсаулығына деген қамқорлық күшейіп келеді. Қазақстанның денсаулық сақтау саласындағы оң динамика Алматыдағы өзгерістерден-ақ көрініс береді. Алматы қ. Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Серікбол Мусиновтың мәліметіне сүйенсек, соңғы 10 жылда бір тұрғынның денсаулығына бөлінетін қаржы 3 есе, жылына 17 081 теңгеден 55 000 теңгеге артқан. Сондай-ақ, жалпы халық денсаулығына жұмсалатын қаржы көлемі 19 млрд теңгеден 99,5 млрд теңгеге ұлғайды. Қала тұрғындарының орташа өмір сүру ұзақтығы 5,5 жылға 70,43 жастан 75,9 жасқа жеткен (8).

Жыл сайын бала туылуына байланысты бірреттік жәрдемақы және де бала бір жасқа толғанша төленетін әр ай сайынғы жәрдемақының мөлшері де өсіп келеді. 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап республикалық бюджеттен еңбек етуші әйелдердің жүктілігін, босануы мен бала қарау мерзімін міндетті түрдегі әлеуметтік сақтандыру шарасы енгізілді. Осымен бірге, әйелдің демалыста болғанына қарамастан оның зейнетақы қорына аударымдар жүріп отырады. Міне, ана мен бала өміріне деген дәл осындай әлеуметтік саясат еліміздегі демографиялық жағдайдың жақсаруына мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда сонымен бірге қоғамның әлеуметтік төменгі тап өкілдеріне арнайы жәрдемақы төленуде.

Көші-қон қызметі органдары ұсынған мәліметтерді өңдеу нәтижесінде, 2017 жылғы қаңтар-шілдеде елімізге тұрғылықты тұруға келгендердің тіркелу саны 2016 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда 39,1% көбейіп, 9 711 адамды құрады. Елімізден кеткен көшіп-қонушылардың тіркелу саны 2,3% көбейіп, 19 407 адамды құрады, көші-қонның айырымы – 9 696 адам болды. Еліміздегі негізгі көші-қон алмасуы ТМД мемлекеттерімен болуда. ТМД елдерінен келгендердің үлесі 70,8%; ТМД елдерге кеткендердің үлесі 89,6% құрады. Өңіраралық көшіп-қонушылардың үлесіне еліміздің жалпы ішкі көшіп-қонушылар санының 34,4% құрады. Өңіраралық көші-қонның оң айырымы: Астана қаласы – 24 084 адам; Алматы қаласы – 14 944 адам; Ақмола облысы – 1 836 адам; Атырау облысы – 151 адам қалыптасты (9).

Жалпылай алғанда, біздің әлеуметтік жағдайымыздағы жеткен жетістіктер мемлекеттің әр қазақстандық үшін жасап отырған қамқорлығының жемісі. Сондықтан да, әлеуметтік саладағы жетістіктер еліміздің экономикалық жағдайын жақсартып, дамуына серпіліс берумен қатар, республикамыздың тұрақты даму арқылы әлемдік рейтинг жүйесіндегі орнының сапалық көтерілуіне мүмкіндік жасайды.

Сөйтіп, қорыта келгенде, тәуелсіздік жылдары Қазақстанда алғашқы жылдардағы кездескен көптеген қиыншылықтар мен қайшылықтарға қарамастан экономиканы дамытуда, әлеуметтік мәселелерді шешуде біршама жұмыстар атқарылды және елеулі табыстарға қол жетті. Соның нәтижесінде біздің еліміз ТМД мемлекеттерінің арасында өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан алдыңғы қатарға шығып отыр. Қазақстан бүгін әлемнің ең серпінді дамып келе жатқан елдерінің бірі саналады. Еліміз әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу мемлекеттің қатарына ену жөніндегі міндеттерді шешуде айтарлықтай ілгері жылжыды. Біздің мемлекет тәуелсіздіктің он алты жылында экономикалық, әлеуметтік қуатты реформаларды жедел де тиімді іске қосып, қай салада да ТМД елдері ішінде көшбасшы атанды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2018 ж. 10 қаңтар.

2 «Қазақстан–2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012 ж. 14 желтоқсан.

3 <http://russian.doingbusiness.org>.

4 Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – 2008 ж. 16 ақпан.

- 5 Организация Объединенных Наций (ООН): очередной ежегодный доклад о человеческом развитии.
- 6 Прогноз развития страны на 4 года: <https://kapital.kz/economic/>.
- 7 <http://stat.gov.kz/>.
- 8 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің материалдары: <https://www.enbek.gov.kz>.
- 9 Мусинов С. Алматылықтардың өмір сүру ұзақтығы 5,5 жылға ұзарды // Қазақ үні газеті. – 2017. – 30 қараша.

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы развития важнейших факторов снижения уровня жизни населения. Безработица как явление, вызывающее экономические и психологические трудности, создает напряженную обстановку в обществе. Безработица представляет серьезную угрозу для социально-экономического состояния общества. Наличие этого явления в той или иной степени считается показателем уровня социального развития общества, и методы борьбы с ним постоянно совершенствуются. Нарастание напряженности на рынке труда происходит в результате абсолютного уменьшения численности занятых в республике, увеличения доли работников, находящихся в административных отпусках, сокращения фактического рабочего времени в среднем до четырех рабочих дней в неделю и повышения доли работающих в режиме неполной занятости. Проблемы занятости населения, безработицы и мобильности трудовых ресурсов всегда в центре внимания научной, общественной, политической и хозяйственной деятельности соответствующих ведомств, организаций и предприятий Республики Казахстан. Они приобретают все большую актуальность на современном этапе посткризисного восстановления глобальной экономики.

Ключевые слова: экономика, безработица, стратегия, занятость, трудовые ресурсы, мобильность, благосостояние, человеческий фактор.

Abstract

The article deals with the development of the most important factors of the decline in the standard of living of the population. Unemployment as a phenomenon that causes economic and psychological difficulties creates a tense situation in society. Unemployment poses a serious threat to the social and economic state of society. The existence of this phenomenon is to some extent considered as an indicator of the level of social development of society, and the methods of combating it are constantly being improved. The growing tension in the labor market occurs as a result of an absolute decrease in the number of employees in the republic, an increase in the proportion of employees on administrative leave, a reduction in the actual working time to an average of four working days a week, and an increase in the proportion of part-time workers. Problems of employment, unemployment and labor mobility are always at the center of attention of scientific, public, political and economic activities of the relevant departments, organizations and enterprises of the Republic of Kazakhstan. They are becoming increasingly important at the present stage of the post-crisis recovery of the global economy.

Key words: economy, unemployment, strategy, employment, labor resources, mobility, welfare, human factor.